

## ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Т.А. АПЕНДИЕВ,**

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы*

*Тарих және этнология институты,*

*кіші ғылыми қызметкер,*

*гуманитарлық ғылымдардың магистрі*

*Алматы қ., Қазақстан*

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағының халықтары, соның ішінде қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Соңғы зеңбіректің үні өшіп, 1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына биыл 68 жыл болды. Кешегі Кеңестер Одағының барлық халқы күш біріктіріп жеткен Ұлы Жеңіске Қазақстан халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Соғыстан кейінгі жылдары Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының құрамында «Ұлы Отан соғысы тарихы» бөлімі жұмыс істеді. Осы бөлім 1959–1983 жылдары қажырлы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ондаған құнды да, іргелі монографиялар, құжаттар жинақтарын шығарды [1]. Олар бүгін Ұлы Отан соғысы тарихнамасының алтын қорына енді. Соғыс жылдарындағы қазақ халқының майдандағы ерлігі мен тылдағы ерен еңбегі мұнан кейін де талай зерттеулерге арқау болды [2]. КСРО ыдырағаннан кейін бұрын идеологиялық себептермен зерттеуге, жазуға тыйым салынған еңбек армиясы, жер аударылғандар, соғыс тұтқындары [3] сияқты мәселелер де тұңғыш рет зерттеліп, бұл тақырыптың тарихнамалық ауқымы барынша кеңейтілді.

Бүгінде соғыстың сипаты туралы әртүрлі пікірлер айтылады. Егер оның қазақ халқы және КСРО құрамындағы басқа да халықтарға қатысы туралы айтсақ, олардың бәрі де ортақ Отанын қорғағаны даусыз. Соғысқа дейін әскер қатарында болғандарды, соғыс кезінде майданға кеткендерді қосқанда, Қазақстаннан 1 млн. 307 мың адам сапқа тұрған

екен. Олардың бәрі ортақ Отан үшін соғысты. Отанымызға аса зор қайғы мен қасірет әкелген, ананы жесір, баланы жетім еткен, қаншама аға буын өкілдері қыршын кеткен сұм соғыстың біткеніне жарты ғасырдан асып кетті. «Соғыс» пен «Жеңіс» сөзінің айырмасын еңбектеген балаға дейін ұққан заман алыстай түсті. Дегенмен соғыс тақырыбына арналған кез келген мақалада отты жылдардағы қазақстандық майдангерлердің ерліктеріне, тылдағы істеріне, Қазақстан халқының Ұлы Отан соғысына қосқан үлесі айтылатыны даусыз. Соңғы уақыттарда, әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейін ескерусіз қалған қазақ қаһармандарының көзсіз ерліктері туралы мәліметтерге қол жеткізу, ұлттық тарихты қайта қарастыру жастарға отансүйгіштік тәрбие беруде өз ықпалын тигізуде. Қазіргі таңда соғыс тақырыбын тәуелсіз азат тұрғысынан қайта қарастыру – батыр ағалар алдындағы кейінгі толқынның борышы. Бұл қаһарлы соғыстың қырғынынан тағылым алу үшін өте қажетті мәселе болып табылады.

Алпыс жылдан бері сұрапыл соғыстың тағылымы әр тұрғыдан зерттеліп, зерделеніп келеді. Ұлы Отан соғысының оқиғалары, майдан жауынгерлерінің ерліктері мен тылдағы еңбек адамдарының даңқты істері сол кездің өзінде де тілге тиек, әңгімеге арқау болып жатты. Оқиғалардың ізін суытпай жазылған қысқа-қысқа газет хабарларынан бастап, сол кезде-ақ жарияланған үлкенді-кішілі еңбектер халық ерлігін баяндады.

Ал бұл салада тарихшылар мен публицист жазушылардың жазған дүниелерінің өзі бірталай. Соғыс кезінің тарихын арнайы зерттейтін маман тарихшылардың еңбектерін былай қойғанда, естелік жазатын соғыс ардагерлері қаншама. Бастан кешкен майдан хикаяларын солдаттан бастап маршалға дейін жазды. Олардың қаламынан шыққан дүниелерді бүгінгі оқырман қауым оқып та, кітап сөрелерінен көріп те жүр. Өткен күндердің өшпес мұрасына, халық ерлігіне арналған еңбектердің құны да, мәні де ерекше. Бұл салада Одақ көлемінде миллиондаған тиражбен жарық көрген мыңдаған күрделі зерттеулер, мемлекет қайраткерлері мен дипломаттардың, партия, кеңес қызметкерлері, ғалымдар, жазушылар мен журналистердің еңбектері ұшан-теңіз.

Соғыс тарихының жалпы мәселелері мен жеке проблемалары белгілі Кеңес ғалымдарының күрделі ғылыми еңбектерінде де терең зерттелді.

Сол кездегі республика тарихын зерттеуге бағалы материал беретін, 1964–1967 жылдардың ішінде екі том болып шыққан құжаттар жинағының да алатын орны ерекше [4]. Қазақ КСР ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты, Қазақстан КП ОК-і жанындағы Партия тарихы институты және Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік мұрағаты мекемелері кезінде баспаға әзірлеп, жариялаған бұл 2 томдық құжаттар жинағы зерттеушілер үшін әрдайым құнды әрі қажет құрал болып қала бермек. Қазақстан, оның ішінде қазақ жауынгерлерінің майдан мен жау тылындағы ерлігі, халықтың жеңіс жолындағы еңбегі, майданға патриоттық көмегі құжаттар негізінде жан-жақты көрсетілген.

Соғыстан кейінгі жылдары Ұлы Отан соғысы туралы алғашқы зерттеулер жаза бастаған А.Нүсіпбеков болды. Ол бірнеше рет басылған «Қазақ КСР тарихының» Ұлы Отан соғысына арналған тарауларын жазды. Республика еңбекшілерінің тылдағы ерен еңбегі, оның еліміздің қуатты арсеналына айналып, жеңіске қосқан үлесі жөнінде келелі пікірлер айтты. Ол майдан мен тыл тақырыбын жүйелі түрде зерттеуге жетекшілік етіп, жолға қоюшылардың бірі болды. Академик А.Нүсіпбековтің 1968 жылы орыс тілінде шыққан «Казakhstanцы в битве под Москвой» деген зерттеу еңбегінде 1941 жылы республика жерінде құрылған әскери құрамалардың, қазақ жауынгерлерінің Мәскеу түбіндегі ерлігі нақты құжаттар негізінде жазылған.

Соғыс кезіндегі республика тарихын зер сала зерттеп, алғаш көлемді монография жазған ғалымдардың бірі Ғ.Әбішев. Оның Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстанға арналған еңбегі тыл мен майдан оқиғаларын бірдей қамтыды [5]. Қамтылған мәселелерінің, деректерінің сонылығы жағынан бұл еңбек Ұлы Отан соғысы тарихнамасынан лайықты орын алады.

Соғыс жылдарының тарихына көлемді зерттеулер арнап, өндірте жазған ғалым М.Қ. Қозыбаев болатын. Оның еңбектерінде республика

партия ұйымының көп салалы қызметі жан-жақты көрсетілді. Бұл еңбектерде Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы атқарған рөлі мен маңызы, республика еңбекшілерінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі тарихтан лайықты орнын тапты. Мұнымен бірге М.Қ. Қозыбаев Қазақстан комсомол жастарының тарихын зерттеуге де лайықты үлес қосты [6].

Соғыс жылдарындағы Қазақстанның қолхозшы шаруаларының Жеңіске қосқан үлесі, олардың майдан мен тылды азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтау жөніндегі рөлі туралы мәселеге де зерттеушілер ерекше назар аударды. Бұл тұрғыда Т.Б. Балақаевтың «Қазақстан колхозшы шаруалары Ұлы Отан соғысы жылдарында» деген көлемді монографиясы (1971 ж.) сол кездегі КСРО көлемінде лайықты бағаланды. Республика тұрғындарының майданға деген патриоттық көмегі мен олардың азат етілген аудандарға берген туысқандық жәрдемі де зерттеушілер назарынан тыс қалған жоқ. Бұл мәселе Т.Балақаев пен Қ.Алдажұмановтың «Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде» деген көлемді монографиясында (1985 ж.) жан-жақты зерттелді.

Қазақстандық жауынгерлердің майдандағы және жау тылындағы ерлік істері көптеген тарихшылардың зерттеу жұмыстарына арқау болды. Бұл салада С.Н. Покровскийдің, П.С. Беланның, Н.Едігеновтің, К.Стамбековтың, И.И. Малярдың, А.Мұхамеджановтың, А.Алданазаровтың, В.П. Лупшевтің және басқалардың зерттеулерін айтуға болады [7]. Олардың еңбектерінде Ұлы Отан соғысы кезіндегі біздің жерлестеріміздің жанқиярлық істері әр қырынан жазылып, бір арнаға құйылып, ерлік шежіресін жасауда.

1991 жылдардан бастап Қазақстанның соғыс кезіндегі тарихының ақтаңдақ беттерін қалпына келтіруде ауқымды зерттеулер жүргізілді. Тарихшы Қ.С. Алдажұманов Еңбек армиясы, жер аударылғандар, соғыс тұтқындары туралы зерттеулер жазды [8].

Қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесі туралы қазақ тілінде шыққан әдебиеттерге тоқтала кетсек, М.Қозыбаевтың, Қ.Әбділдаевтың, Қ.Досқалиевтің, Х.Бекішевтің, Т.Балақаевтың, Қ.Көпішевтің, Қ.Алдажұмановтың, т.б. зерттеулерінде, монографияларында, естелік кітаптарында, жекелеген кейбір мақалаларында айтылады [9].

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған еңбектер – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандық жауынгерлердің майдандағы ерлігі мен халықтың тылдағы ерен істері көптеген тарихшылардың зерттеу жұмыстарына арқау болып келеді. Ұлы Отан соғысына қатысты әскери құрамалар мен партизан қозғалысына қатысты құжаттар Ресейдің, Украина, Белоруссия елдерінің әскери және азаматтық мұрағаттарында сақталған. Бұл мәселелерді зерттеу кәсіби біліктілікті, сонымен қатар өте терең, күрделі пайымдауды қажет етеді. Қазақстанның Ұлы Отан соғысына қосқан үлесі туралы аталған көптеген мәселелер өз зерттеушілерін күтуде және бұл біздің жастарымызды өз Отанын – тәуелсіз, егемен Қазақстан Республикасын сүйуге, оны қорғауға тәрбиелейді деп сенеміз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Козыбаев М.К. Казахстан – арсенал фронта. Алматы, 1970.
2. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. Алматы, 1985.
3. Алдажұманов К.С. История войны 1941–1945 годов и Казахстан: «белые пятна» и проблемы // Социогуманитарная наука Казахстана. Алматы, 2011. С. 203-217.
4. Балақаев Т.Б., Алдажұманов К.С. Историография Казахстана периода Великой Отечественной войны // Актуальные проблемы истории Советского Казахстана. Алматы, 1980. С. 113-124.
5. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне. 1941–1945. Алма-Ата, 1975.
6. Козыбаев М., Рахматуллин Б. Равнение на коммунистов. Алма-Ата, 1975.
7. Едігенов Н. Алматы Ұлы Отан соғысы жылдарында. Алматы, 1970; Алданазаров А. Участие казахстанцев в боях за освобождение Польши от немецко-фашистской оккупации (1944–1945 гг.). Автореф. дис. ...канд. ист. наук. Алма-Ата, 1972.
8. Алдажұманов К.С., Анес Г. и др. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы, 1998; Алдажұманов К.С. Трудармейцы Казахстана: история и судьбы // II конгресс Трудармейцев Казахстана. Алматы, 1997. 5-17 бб.; Военнопленные: застывшие догмы и попытки переосмысления // Central Asia monitor. 2013. №25; 26; 27.
9. Қозыбаев М. Майдангер студенттер. Алматы, 1985; Әбділдаев Қ. Қаһарлы күндер шежіресі. Алматы, 1974; Бекішев Х. Батальон, алға! Алматы, 1985; Көпішев Қ. Қаһармандар. Алматы, 1981 т.б.